

Ү.А. Ашимова*, Б.К. Қалшабаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: umit_aliyakparovna@mail.ru

ШЕТЕЛДІК ТАРИХНАМАДА ДӘСТҮРЛІ КИІМДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Мақала қазіргі кезеңдегі шетел зерттеушілері еңбектерінде қарастырылған дәстүрлі киімнің теориялық аспектілеріне арналған. Соңғы жиырма жыл көлемінде дәстүрлі киім қазіргі заманғы шетел тарихнамасында мәдени, этникалық және әлеуметтік аспектілерге деген қызығушылықтың артуына байланысты маңызды зерттеу нысанына айналып отыр. Мақаланың негізгі мақсаты – адам, киім және адам денесінің киімге байланыстылығы, белгілі бір этностың киімін зерттеуде қайшылықты көзқарастар туындатқан негізгі түсініктер мен атаулар, сондай-ақ, жалпы киімнің пайда болуына байланысты тұжырымдарға тарихнамалық шолу жасау болып табылады. Сонымен қатар дәстүрлі киімнің ұлттық бірегейлік, мәдени мұраның маңызды элементі және әлеуметтік контексттегі өзгерістерінің индикаторы ретіндегі маңызы көрсетіледі. Дәстүрлі киімнің этностың тіршілікқамы жүйесінің ең ежелгі әрі маңызды құрамдас бөлігі болатындығын оның дәстүрлі ортадағы тұтыныс қатынастарының аса қажетті нысандарының, құралдарының, тіптен, осы қатынастар жүйесінің арналарының бірі ретіндегі құрылымдық, сондай-ақ функционалдық табиғатымен түсіндіруге болады.

Мақаланы жазу барысында негізінен ағылшын тілді зерттеулер қолданылып, дәстүрлі киімге қатысты зерттеулердің теориялық негіздерін жүйелеуде тарихнамалық талдау, этнология, мәдениеттану, әлеуметтану, философия, психология, антропология және тарих салаларындағы зерттеулерді біріктіре қарастыру үшін пәнаралық тәсіл, сонымен қатар салыстырмалы, дискурсивті талдау қолданылды. Мақаланың қорытынды бөлімінде дәстүрлі киім бойынша болашақта зерттеуді қажет ететін, сонымен қатар аз зерттелген тұстары нақтыланды.

Түйін сөздер: дәстүрлі киім, этникалық киім, костюм, дене, мәдениет, этникалық бірегейлік, тарихнама, мәдени мұра.

U.A. Ashimova*, B.K. Kalshabaeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: umit_aliyakparovna@mail.ru

Theoretical aspects of the study of traditional clothing in foreign historiography

The article is devoted to the theoretical aspects of traditional clothing considered in the latest studies of foreign scholars. Over the last twenty years, traditional dress has become an important object of study in modern foreign historiography, due to the growing interest in cultural, ethnic and social aspects. The main purpose of the article is to review the historiography and some key concepts and terms that have generated controversial views in the study of the relationship between humans, clothing and the human body, as well as a number of concepts related to the emergence of clothing. The article emphasizes the significance of traditional clothing as an important element of national identity, cultural heritage and an indicator of social change. Clothing, as a significant part of the ethnos' life activity system, is considered through its structural and functional nature, being one of the most important forms, tools and channels of these relations in the traditional environment.

When writing the article, we mainly relied on English-language studies. To systematize the theoretical foundations of research on traditional dress, we used the historical and analytical approach, as well as the interdisciplinary method, which combines studies in the field of ethnology, cultural studies, sociology, philosophy, psychology, anthropology and history. In addition, the methods of comparative and discourse analysis were used. The final part of the article specifies directions for future research and highlights understudied aspects of traditional dress.

Key words: traditional clothing, ethnic clothing, costume, body, culture, ethnic identification, historiography, cultural heritage.

Ү.А. Ашимова*, Б.К. Қалшабаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: umit_aliyakparovna@mail.ru

Теоретические аспекты исследования традиционной одежды в зарубежной историографии

Статья посвящена теоретическим аспектам традиционной одежды, рассматриваемым в новейших исследованиях зарубежных ученых. За последние двадцать лет традиционная одежда стала важным объектом изучения в современной зарубежной историографии, что связано с ростом интереса к культурным, этническим и социальным аспектам. Основная цель статьи – обзор историографии, а также некоторых ключевых понятий и терминов, которые вызвали противоречивые взгляды при изучении связи между человеком, одеждой и человеческим телом, а также ряда концепций, связанных с возникновением одежды. В статье подчеркивается значение традиционной одежды как важного элемента национальной идентичности, культурного наследия и индикатора социальных изменений. Одежда, как значимая часть системы жизнедеятельности этноса, рассматривается через ее структурную и функциональную природу, являясь одной из важнейших форм, инструментов и каналов этих отношений в традиционной среде.

При написании статьи в основном опирались на англоязычные исследования. Для систематизации теоретических основ исследований, посвящённых традиционной одежде, применялся историко-аналитический подход, а также междисциплинарный метод, объединяющий исследования в области этнологии, культурологии, социологии, философии, психологии, антропологии и истории. Кроме того, были использованы методы сравнительного и дискурсивного анализа. В заключительной части статьи уточняются направления будущих исследований, а также выделяются недостаточно изученные аспекты традиционной одежды.

Ключевые слова: традиционная одежда, этническая одежда, костюм, тело, культура, этно-идентификация, историография, культурное наследие.

Кіріспе

Дәстүрлі киім кез келген ұлтқа тән мәдениеттің маңызды элементі ретінде тарихи және әлеуметтік үрдістерді саралауда маңызды рөл атқарады. Оны зерттеу тек этнографиялық тұрғыдан, сән мен эстетика мәселелерімен шектелмей, сондай-ақ адам денесі, әлеуметтік нормалар көрсеткіші және мәдени мұра мәселелерімен де тығыз байланысты. Сондықтан бұл мақалада дәстүрлі киімді зерттеудің шетелдік тарихнамадағы теориялық аспектілері қарастырылды. Батыс және шығыс тарихнамасында аталмыш тақырып сан алуан көзқарастар тұрғысынан зерттеледі: бірі киімді символдық мағыналар арқылы талдаса, екіншісі оны материалдық мәдениеттің элементі ретінде қарастырады.

Соңғы уақытта дәстүрлі киімді зерттеу этнография, мәдениеттану, әлеуметтану, тіпті философия салаларында маңызды бағыттардың біріне айналып, осы саламен айналысатын зерттеуші-мамандардың ғана емес, мәдени мұра мен ұлттық бірегейліктің (иденттіліктің) мәселелеріне қызығушылық танытатын кең аудиторияның назарын аударды. Мәселен, 2004-2024 жылдар аралығындағы кезеңде дәстүрлі киімнің теориялық негіздері шетелдік тарихнаманың зерттеу нысаны ретінде айтарлықтай өзгеріске ұшыра-

ды. Бұл тенденция тың көзқарастар мен жаңа ғылыми-зерттеу әдістерінің пайда болуымен, сондай-ақ, жаһандану, миграция және постколониализм теориясының өзекті мәселелерімен де тығыз байланысты.

Тақырыптың өзектілігі соңғы екі онжылдықта дәстүрлі киім пәнаралық ғылыми зерттеулердің маңызды нысанына айналуы, сондай-ақ, жаңа ғаламдық мәселелер мен мәдени трансформациялар тұрғысынан қайта қарастырылуында. Бұл тұрғыда мақалада киімнің эволюциясы мен қызметі жөнінде шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдамалары талқыға түседі. Қазіргі зерттеулерде дәстүрлі киімді мәдениеттің компоненті ретінде ғана емес, сонымен қатар оның әлеуметтік-мәдени маңызына, этникалық сәйкестіктерді қалыптастыру, сондай-ақ, ұрпақтар сабақтастығы мен мәдени мұраны сақтау үрдісіндегі рөліне ерекше көңіл бөлінеді. Бұл тұрғыда дәстүрлі киімнің тарихи және мәдени контекстегі рөлін жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік беретін шетелдік тарихнаманың жетістіктері мен жаңа көзқарастарды зерттеудің маңыздылығы арта түседі.

Мақала шетелдік тарихнамадағы киімді зерттеудің бағыттарын талдау, теориялық аспектілерін қарастыру, «дене-киім» жүйесінің байланыстылығы мен киімді зерттеуде кереғар көзқа-

растар тудыратын түсініктер мен атаулар, негізгі концепцияларға тарихнамалық шолу жасауды мақсат тұтады. Сондай-ақ, дәстүрлі киімнің ұлттық бірегейлік, мәдени мұраның маңызды жүйе құраушы элементі ретіндегі маңызын көрсетуді көздейді.

Әдебиетке шолу

Қарастырылып отырған мәселенің тарихнамасы ауқымды. Тақырып аясындағы зерттеулерде антропология, мәдениеттану, әлеуметтану және тарих ғылымдарының өзара ықпалы байқалады. Шетел тарихнамасында киім ең алдымен қорғаныш құралы ретінде қарастырылды (Gilligan, 2023: 1-5). Кейіннен әлеуметтік-мәдени кодтарды жеткізудегі рөліне (Hollander, 1978.), оның билік пен әлеуметтік тәртіпті сақтаудағы маңыздылығына ерекше назар аударылды (Foucault, 1977). Сонымен қатар киім әлеуметтік рөлдердің көрінісі ретінде қарастырылып, оның қоғамдағы мәртебелік маңызын айқындаушы зерттеулер пайда болды (Goffman, 1959). Әлеуметтанулық зерттеулер киім мен дененің, сәннің өзара байланысын қарастырса (Энтуисл, 2019: 10-12), мәдени антропологиялық тұрғыдан киімнің семиотикалық аспектілеріне назар аударылды (Barnard, 2002: 80-96). ХХІ ғасырдағы зерттеулерде киімнің жаһандану процесіндегі рөлін айшықтауға, сонымен қатар киімнің трансформациялану үдерісін көрсетуге қадамдар жасалды.

Ал соңғы жиырма жыл көлемінде шетел тарихнамасында киімге қатысты танымдық тағылымы уақыт өткен сайын өсе беретін пәнаралық зерттеулер жарық көрді. Мәселен, киімнің әлеуметтанулық (Twigg, 2007), психологиялық, философиялық аспектілері (Gilligan, 2019: 131-135; Hester, 2023: 415-433), антропологиялық көзқарастар (Karen, 2004), мәдени бірегейлік тұрғысына (Bishau, Kaseke, 2017: 2-10) байланысты зерттеуші-теоретиктердің еңбектерін ерекше екішеп атап өткен жөн. Аталмыш зерттеу жұмыстары киімнің мәдени бірегейлікті сақтаудағы рөлін талқылауға, адам мен оның денесі, адам мен киім арақатынасын саралауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қазіргі әлемдегі қоғамдық және мәдени үрдістерге тигізетін әсерін түсінуге көмектеседі.

Азия зерттеушілері «дене-киім» байланысын зерттеуде әлеуметтік-мәдени және философиялық тұрғыдан қарастыруымен ерекшеленеді. Мәселен, қытайлық зерттеуші Ни (Ni, 2012) қытайдағы дәстүрлі киімді зерттей отырып, киім-

нің адамның әлеуметтік мәртебесі мен моральдық құндылықтарын жеткізуші ретінде қызмет ететінін көрсетті. Оның еңбегінде киімнің ежелден қалыптасқан конфуцийлік дәстүрмен байланысы және адамның өзін-өзі басқаруындағы рөлі талданған. Ал Оңтүстік Кореялық зерттеуші Х. Парк (Park, 2015) корейлік ханбок киімінің дәстүрлі және заманауи мәдениеттегі орнына талдау жасай отырып, оның дене мен кеңістік арасындағы байланысын қарастырды. Ол киімді адамның қозғалысын шектеуші немесе жеңілдетуші фактор ретінде сипаттап, адамның физикалық әрекеттері және мәдени ортасы арасындағы өзара байланысын зерттеді. Жапон киім мәдениетінде дәстүрлі киім – кимононың әлеуметтік иерархия мен гендерлік айырмашылықтарды білдіру құралы екенін зерделеген жапондық зерттеуші К. Танака (Tanaka, 2017) киімнің адамның мінез-құлық нормаларын қалыптастырудағы рөліне ерекше назар аударған.

Әдістеме

Мақаланы жазу барысында негізінен 2000-2024 жылдар аралығында жарық көрген ағылшын тілді антропологиялық, әлеуметтік, психологиялық және тарихи іргелі зерттеулер қолданылып, киімнің белгілік мағынасын, табиғат пен әлеуметтік ортаға адаптацияланудағы рөлі көрініс табатын материалдық мәдениеттің теорияларына сүйену арқылы дәстүрлі киімнің мәдени мұра ретіндегі маңыздылығы қарастырылып, семиотика теориясының тұжырымдарына сай киімнің мағыналық кодтар жүйесі ретіндегі сипатына назар аударылды. Тарқатып айтсақ, киімді жас және жынысқа байланысты қарастыратын жетекші зерттеушілердің бірі, Кент университетінің (Ұлыбритания) әлеуметтік саясат және әлеуметтану профессоры Дж.Твиггтің, киімнің шығу тегін және оның психологиялық, философиялық аспектілерін жоғары деңгейде зерттеген Сидней университетінің (Австралия) Гуманитарлық ғылымдар мектебінің профессоры И. Гиллиганның, әлем бойынша 20, ал Америка Құрама Штаттары бойынша 10 үздік университет қатарына кіретін Солтүстік-Батыс университетінің (АҚШ, Иллинойс штаты, Эванстон қ.) құрметті профессоры, адам денесі мен киімді антропологиялық көзқарастар тұрғысынан зерттеген К.Т. Хансеннің, киім, мораль және мәдени бірегейліктің өзара ықпалдастығын тарихнамалық тұрғыдан зерделеген Африкалық Мутаре университетінің (Зимбабве, Маникаленд провинциясы) зерттеушісі Д. Бишау мен Зимбабве Ашық универси-

тетінің зерттеушісі К. Касекенің, Ботсвана университеті мен Манчестер қалалық Университеті зерттеушілері – П.Л.П., Дисель, Д. Тайлор және П. Джесстің киім дизайны және технологиясы бойынша зерттеу жұмыстары қарастырылды. Сонымен қатар, көрнекті американдық мәдениеттанушысы Э. Холландердің ерте заманнан қазіргі кезеңге дейінгі ерлер киімінің эволюциясы мен эстетикасын зерттеген іргелі еңбегі, Макгилл университетінің (Монреаль, Канада) зерттеушісі Н. Хестер, Ватерлоо университетінің (Онтарио, Канада) зерттеушісі Э. Хехманның адамның киімді қабылдауының психологиялық негіздерін қарастырған зерттеу еңбектері пайдаланылды. Дегенмен, тақырыптың мазмұнын ашу немесе кей көзқарастарды дәлелдеу мақсатында сәл әріде жарық көрген деректік базасы дәйектелген зерттеулер де ішінара қолданылды.

Тақырыпты жаңа көзқарас тұрғысынан саралауда қазіргі кезеңде қалыптасқан объективтік және сыни зерделеу принциптері басты назарда болды. Сонымен қатар ағылшын тілді авторлардың зерттеу еңбектерін зерделеу және интерпретациялау, ойды дәлелдеуге ықпал ететін тарихилық әдісі мен этнология, мәдениеттану, әлеуметтану, философия, психология, антропология және тарих салаларындағы зерттеулерді біріктіре қарастыру үшін пәнаралық тәсіл, дәстүрлі киімге қатысты шетелдік зерттеулерді қарастыру және салыстыру арқылы теориялық негіздерді жүйелеу үшін тарихнамалық талдау, әртүрлі этностардың дәстүрлі киіміне қатысты зерттеулерді салыстыра отырып, ортақ заңдылықтар мен ерекшеліктерді анықтау үшін салыстырмалы талдау, дәстүрлі киімге қатысты ғылыми еңбектердегі негізгі ұғымдар мен концепциялардың қалыптасуы мен қолданылуын зерттеуді дискурсивті талдау тәсілдері пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Шетелдік зерттеулердегі «дене-киім» жүйесінің теориялық аспектісі. Шетелдік тарихнамада дәстүрлі киімді зерттеудің теориялық негіздерінің бірі – «дене – киім» жүйесі. Мақала авторы бұл жүйеге «адам» категориясын қосып қарастыруды жөн көреді. Өйткені «дене» де «киім» де «адам» категориясымен тығыз байланысты. Демек, бұл жүйе киімді тек материалдық объект ретінде емес, әлеуметтік және мәдени феномен ретінде қарастырады. «Адам-дене-киім» триадасы – адамның, оның денесінің және киімінің арасындағы байланысты зерделейтін кон-

цептуалды модель. Бұл модель аталған әрбір элементтің әрекеттестігін және олардың түрлі контекстердегі символдық немесе мәдени мағыналарын талдауға мүмкіндік береді. Аталмыш «адам-дене-киім» үштігінде адам өзінің ішкі әлемі, өзіндік сана-сезімі мен жеке тұлғасы бар субъект ретінде қарастырылады. Ол тек биологиялық жүйе ғана емес, мәдениет пен қоғамның ықпалымен қалыптасқан бірегей тұлға. Осы тұрғыдан алғанда, адамның өзіндік көзқарастары, құндылықтар жүйесі мен мәдени ерекшеліктері оның дене мен киімді қабылдауына тікелей әсер. Адам осы контексте өзінің көзқарастар, құндылықтар жүйесі мен мәдени ерекшеліктері арқылы өзін танытады және ол дене мен киімді қалай қабылдайтынына әсер етеді етеді (Hansen, 2004: 369-392; Hester & Nehman, 2023: 414-433).

Дене – адамның физикалық қабығы және оның биологиялық табиғаты. Сонымен қатар дене – өзін-өзі таныту мен эстетикалық, жас, жыныс және әлеуметтік жағдай сияқты мәндерге қатысты нысан. Сондықтан дене «объективті шындықпен» қатар әлеуметтік және мәдени түсіндірмелерді қажетсінетін мәдени нысан. Бұл контексте «киім» адамның денесімен өзара әрекеттесетін әрі оның жеке басын айғақтайтын символдық «қабық» ретінде қарастырылады. Киім қорғаныш қызметімен қатар, тұлғаның әлеуметтік жағдайын, этникалық тиістілігін, талғамын, тіпті дүниетанымын көрсету құралы (Eicher & Evenson, 2014).

Бұдан шығатын қорытынды: «адам-дене-киім» үштігі жүйесі – адам, оның денесі мен киім-кешек арасындағы кешенді өзара әрекеттесу болып табылады. Бұл үштік (категория) өзара ықпалдасу арқылы әлеуметтік, мәдени және жеке өзін-өзі анықтауда маңызды рөл атқарады. Аталмыш жүйе арасындағы өзара әрекеттесуді киім және дене (киім-дене), яғни, киім арқылы денені қабылдаудың өзгеріп, дененің белгілі бір ерекшеліктерін жасырып немесе артықшылықтарын айқындай алатын функциясымен түсіндіруге болады. Ал адам және киім (адам-киім) жүйесіне келер болсақ, киім – адамның өзін-өзі таныстыру құралы бола алады. Бұл жағдайда, көбіне, кәсіби, діни немесе басқа да әлеуметтік топтар арасында ерекше байқалады. Адам және дене («адам – дене») жүйесі – дене мен адам арасындағы өзара әрекеттесуде дене көрінісін қабылдау мен оны саналы түрде сезінумен байланысты. Әр этникалық мәдениетте адам денесіне қатысты қандай да бір идеалдар бар және сол идеалға жету үшін адам өз денесі мен киімін таңдай алады.

«Дене – киім» концепциясын негіздеген зерттеушілердің бірі киімнің мәдени және әлеуметтік мәнін зерттеумен айналысқан британдық ғалым Э. Энтуисл. Ол бұл идеяны өз еңбектерінде әлеуметтік теория тұрғысынан қарастырып, киімді тек сән мен практикалық қажеттілік ретінде емес, сонымен қатар денені мәдени, әлеуметтік және гендерлік нормалар арқылы қалыптастыратын маңызды элемент ретінде көрсетеді. Зерттеуші киімнің денемен ажырамас байланыста екенін және олардың өзара әрекеттесуі арқылы адамның әлеуметтік орнын айқындайтынын феноменологиялық, феминистік және әлеуметтік теориялар негізінде көрсетеді (Энтуисл, 2019: 215-221). Сонымен қатар өзіне дейінгі ғалымдардың идеяларын қолдана отырып, киімнің тек сән ғана емес, денені мәдениеттендіру механизмі екенін дәлелдейді.

Кент университетінің (Ұлыбритания) әлеуметтік саясат және әлеуметтану профессоры, киімді жас және жынысқа байланысты қарастыратын жетекші зерттеушілердің бірі Дж.Твигг (Twigg, 2007:7) өз зерттеулерінде киім – жалаңаш дене мен әлеуметтік орта арасындағы дәнекер деп көрсетеді. Ал зерттеушілер Мэри Эллен Роуч-Хиггинс және Джоанна Эйхердің анықтауы бойынша киім – адамның дене бітімін өзгертетін (мәселен, модификациялар) және оны толықтыратын құралдар жиынтығы. Бұл анықтама киімге байланысты және адам денесіне қатысты – денені безендіру, тату салдыру, теріні бояу, шаш қою үлгісі, киім-кешек немесе гардероб керек-жарақтары мен аксессуар сияқтыларды да қамтиды (Hester, 2023: 415). Тіптен кей зерттеушілер киімге парфюмерия қолдану мен ванна қабылдау немесе иіссулар қолдану арқылы дененің иісін өзгертуді де кіргізеді (Eicher, 2015: 3). Аталмыш тұжырым киім мен дене мәдениетінің өзара байланысын кеңінен қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда киім тек визуалды ғана емес, сонымен қатар сенсорлық тәжірибенің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Парфюмерия мен басқа да иісті өнімдерді қолдану дененің иісін өзгерту арқылы адамның әлеуметтік қабылдануына ықпал етеді. Бұл киімнің кең мағынадағы мәдени семиотикасына кіреді. Киім туралы қарапайым әрі дәл анықтаманы Қысқаша Оксфорд ағылшын тілінің сөздігінен кездестіруге болады. Онда «киім – денені жасыру үшін киілетін заттар», – деген түсініктеме берген (Oxford..., 2011).

Ботсвана университеті зерттеушілерінің «Мәдениетті дәстүрлі киім арқылы сақтау және қолдау» атты зерттеу мақаласында, киім – денені қорғаушы жабын, ол дененің ұятты жерле-

рін жауып, әуретті жерлерді көпшілік көздерден қойайды. Сонымен қатар, киім Библиялық және сексуалдық астарға ие деген пікір білдіреді (Disele, Tyler & Power, 2011: 11). Бұл тұжырым киімнің көпқабатты мәдени мағынасын ашуға мүмкіндік береді. Яғни, киімнің қызметі тек денені қорғау мен жабу ғана емес, сонымен қатар оның діни және гендерлік мағыналармен астасып жатқанын аңғартады. Киімнің Библиялық және сексуалдық астарлары туралы пікірлер дәстүрлі киімнің этикалық, моральдық және әлеуметтік және этникалық нормалармен байланысатынын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Жалпы киімнің пайда болуы – адамзат өркениетінің маңызды кезеңдерінің бірі және ол туралы бірнеше концепциялар бар. Маңыздыларына тоқталсақ, утилитарлық (қорғау қызметі) концепция – киімнің ең алдымен қорғаныс, еңбекке бейімделу, қозғалыс еркіндігі және климаттық жағдайларға икемделу үшін пайда болғанын тұжырымдайды; сексуалдық іріктеу теориясы (sexual selection theory) – эстетикалық және биологиялық факторлар, жыныстық; ұят пен мораль концепциясы – киімнің пайда болуын адамның ұят сезімімен және моральдық нормалармен байланыстырады; әлеуметтік мәртебе концепциясы – киімді адамның әлеуметтік статусын, қоғамдағы орнын, топтық тиесілігін және иерархиялық айырмашылықтарды көрсету құралы ретінде қарастырады. Осы орайда, киім мен дененің байланысын түсіндіру үшін Пьер Бурдьенің габитус теориясын да қарастыруға болады. Онда киім адамның әлеуметтік тәжірибесін білдіретін механизм ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, Фуконың «дененің дисциплинасы» тұжырымдамасы да киімнің қоғамдағы билік қатынастары арқылы реттелуін қарастырады (Foucault, 1977). Сондықтан киім индивидтің өзін-өзі көрсетуінде маңызды құрал болумен қатар, әлеуметтік тәртіпті реттеудің әдісі болып табылады.

Айталық, киімнің пайда болуын Батыс әлемінің зерттеушілері Библиялық концепциямен байланыстырады. Библия бойынша киіну тарихы Адам мен Эваның алғашқыда жалаңаш денесін інжір жапырағымен жапқаны, кейіннен Құдайдың оларға жануарлардың терісінен киім жаратып бергенімен тікелей байланысты (David Bishau, 2017: 6). Ұят пен күнәға негізделген иудейлік бұл концепция әлемдегі мәдениеттердің барлығына тән. Зерттеуші К.Хаммондтың пікірінше Адам мен Эваның заманынан бастап-ақ ерлер мен әйелдер лайықты түрде киінді. Мәселен, Ной, Авраам, Исаак, Иаков, Моисей, Давид

кезінде барлық әйелдер ұзын, аяққа дейін жауып тұратын көркем туника киді, бұл киім олардың иықтары мен қолын жауып, жерге дейін жететін, ал бастарын вуальмен жауып жүретін (Hammond, 2009: 9).

Қорғанумен байланысты концепция. Адамдар аптап ыстық, жаңбыр мен суықтан қорғану үшін қоршаған ортадағы қолжетімді материалдарды киім ретінде пайдаланды. Алғашында жан-жануарлардың терісін іске асырса, кейін келе ағаштың тамырын, өсімдік талшықтарын пайдаланды. Қарапайым киімдерге, мәселен, алғашқы жамылғылар мен белдемшелерге қарағанда күрделі киімдер табиғаттың дүлей күштерінен әлдеқайда жақсы қорғады. Сонымен қатар бұл киімдер (яғни, балақтары ұзын шалбарлар, жеңді көйлектер т.б.) адам денесін толықтай жабады. Аталмыш киімдерді тұрақты пайдалану – жалаңаш денеге киім киізуді әкелді. Жалаңаш денені жасыру қарапайымдылық немес ұят сезімін тудырды (Gilligan, 2023: 2). Осы себептерге байланысты соңғы мұздық кезеңіне қарай киім жылыну үшін қажеттілігімен қатар климатқа тәуелсіз киім кию қажеттілігін тудырып, ендігі жерде киім әлеуметтік қажеттілікке айналды.

Флорида университеті ғалымдарының жүргізген зерттеулері бойынша адамдар киімді бұдан 170 000 жыл бұрын кие бастаған. Жалпы, адамдардың жануарлардың терісінен киім киюден матаға қалай және қашан өткенін ешкім де дәл болжап айта алмайды. Ғалымдардың пікірінше, алғашқы адамдар тоқымашылықпен 27 000 мың жыл бұрын айналысқан. Деректерде Африкада шамамен осыдан 75 мың жыл бұрын киім пайда болған және алғашқы киімдер жануарлардың терісінен жасалғандығы айтылған. Киіну дәстүрінің пайда болуы туралы деректерді біздің заманымызға дейінгі 2000 жыл бұрынғы Египет қабірлеріндегі суреттерден ұшырастыруға болады. Аталмыш қабірлерде иероглифтермен қатар тоқыма станоктарының суреттері де кездеседі (David Bishau, 2017: 10).

Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды: алғашқы уақытта киімді адам денесін жылыту және теріні қорғау үшін киген. Нақтырақ айтқанда ол иықтан асыра белге оралған мата ғана болатын. Тек 1300 жылдардың ортасында киім адам денесінің пошымы мен ерекшеліктерін ескере отырып тігіле бастады және түсті маталар қолданылды. Орыс зерттеушісі Д.Ермилованың пікірінше, XIII ғасырда «киім пішуде төңкеріс» болды. Бұл кезде тігіншілер киімді адам силуэтіне лайықтап «еуропалық дәстүрде» дайындай бастады (Ermilova, 2019: 3).

Әлеуметтік контексте киім ерекшелікті, мәртебені немесе конформизмді білдіру құралы ретінде қызмет етеді. Ал мәдени контексте – белгілі бір этникалық, діни немесе әлеуметтік топқа тиістілігін білдірді. Жеке бастық контексте адам киімді өзінің «екінші терісі» ретінде сезінеді. Шынтуайтында, «адам-дене-киім» үштігі жүйесі статикалық емес, ол тарихи-мәдени, әлеуметтік және жеке факторларға байланысты динамикалық түрде өзгеріп отырады. Бұл концепциялар киімнің тек тұрмыстық қажеттіліктен емес, қоғамдағы әлеуметтік нормалар мен мәдени тәжірибелердің де көрінісі ретінде дамығанын көрсетеді.

«Киім» және «костюм» ұғымдарына қатысты пікірталастар. Қазіргі заманғы шетелдік ғалымдар дәстүрлі киімді зерттеуде бірнеше түсініктерге акцент жасайды. Мақаланы жазу барысында қарастырылған зерттеу еңбектерде «киім», «костюм», «этникалық киім», «дәстүрлі киім» секілді мағынасы жағынан бір-біріне ұқсас бірнеше термин кездеседі. Көрнекті зерттеушілер М.Е. Роуч-Хиггинс пен Дж. Эйхер «киім» ұғымын қолданып, оны адамның дене бітімін өзгертетін және оны толықтыратын құралдар жиынтығы ретінде қарастыратыны жоғарыда айтылды. Сонымен қатар аталмыш ғалымдардың пайымдауынша адамның жеке басын ерекшелеуші ретінде киім материалына, технологиясына, экономикалық және қоғамдық мәселелерге немесе «адамгершілік пен эстетикалық киім стандарттарын қалыптастыратын» сенім жүйелеріне байланысты өзгереді. Сонымен қатар, белгілі бір киімнің сипаты немесе қасиеті «этносты анықтау үшін жарамай қалған кезде» өзгеріске, яғни трансформацияға түседі. Сондықтан мәдениет үшін киімнің мәні мен мазмұндық сипаттары өткен кезеңге түбірленіп қалмай, уақытқа сай эволюцияны бастан кешіріп, қолданылуына қарай өзгеріске түседі.

Осы сала бойынша іргелі еңбектер жариялап жүрген зерттеушілердің бір тобы, дәлірек айтқанда, Дж. Эйхер мен Б. Самберг «этникалық киімді» этникалық тиістілік пен этникалық иденттілікпен байланыстырады. Олай деуінің басты себебі: киім белгілі бір адамның немесе топтың иденттілігін көрсетуде маңызды маңызды ақпаратқа ие. Аталмыш зерттеушілердің ортақ пікірі бойынша, этникалық киім – шығу тегі мен мұрасы ортақ адамдар тобын бірдейлестіретін жалпыға ортақ киіну мәнері болып табылады (Disele, 2011: 4). Аталмыш зерттеуде дәстүрлі киімді «халықтық киім» деп те атайды және бұл көбінесе, ауылды жерлерде тұратын тұрғындар

арасындағы баяу өзгеріске түсетін және сәннен қалған этникалық киім дегенді білдіреді. Шынтуайтында, зерттеушінің жұмысындағы дәстүрлі киім жайлы дерек беруші-ботсваналықтар арасында дәстүрлі киімге деген бірыңғай көзқарас жоқтың қасы және дәстүрлі киім концепциясы әр дерек беруші үшін әртүрлі. Кей дерек берушілер дәстүрлі киім өзгермейтін түсінік десе, келесілері дәстүрлі киім қоғамдық мәдениеттің көрсеткіші және ұрпақтан-ұрпаққа беріледі деген пікірде (Disele, 2011: 12). Д.Твиггдің негіздеулерінде де киім мен этникалық иденттіліктің тығыз байланыстылығы басты назарға алынған. Бұл пікірмен киімді зерттеуші теоретиктер келіседі.

Костюм мен сән тарихы, оның өнер тарихымен байланыстылығын зерттеуде біршама табыстарға жеткен американдық мәдениеттанушы Э.Холландер: «костюм – ресми биліктің бірыңғай формалы киімдері бола отырып, дипломатиялық, компромисс, дене ұстамдылығы мен адамның өзін-өзі ұстау қабілетін меңзейді» (Холландер, 2018: 97) деген пікір білдіреді. Зерттеуші К.Т. Хансен өз зерттеулерінде: «мен «костюм» терминін қолданбаймын, менің пікірімше, «костюм» термині театрландырылған көріністер, маскарадтар мен ансамбльдер үшін арнап тігіледі», – деген пікір білдіреді (Hansen, 2004: 378). Мақала авторы бұл пікірмен толықтай келіседі.

Қорыта келгенде, антропологтар мен мәдениеттанушылардың көзқарасы бойынша киім күнделікті өмірдің қажеттілігі ретінде және утилитарлық функцияларына байланысты қарастырылады. Киім адам денесін қорғай отырып, әлеуметтік және мәдени сәйкестігін көрсету құралы ретінде қызмет етеді. Ал әлеуметтанулық тұрғыдан киім адамның әлеуметтік категориясын, статусын және қоғамдағы орнын білдіретін белгілердің бірі.

«Костюм» «киімге» карағанда тар мағыналы термин. Ол көп жағдайда арнайы стиль немесе образ жасау үшін таңдалған киім элементтерін камтиды және формальды жағдайларға немесе арнайы шараларға, кәсіби кездесулерге арналған киімдер жиынтығы ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан «костюм» адамның мәртебесін және талғамын білдіретін маңызды символ. Мәселен, батыс мәдениетінде ер адам костюмі іскерлік имиджді білдіреді. Тарихи және мәдени тұрғыдан алғанда, костюм мәдени және әлеуметтік сәйкестіктің маңызды бөлігі, тарихи дәуірлерді, сән үрдістері мен стильге қатыстылығын көрсетеді.

Дәстүрлі киім мәдени мұра ретінде. Шетел әдебиеттерінде дәстүрлі киім тек күнделікті тұрмыстың функционалды элементі ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтар, наным-сенімдер, әдет-ғұрыптарды және халықтың тарихи эволюциясын көрсететін мәдени мұраның маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Шетелдік кейбір ғалымдар дәстүрлі киімді халық мәдениетінің вербалды емес мәтіні деп түсіндіреді. Ал көрнекті совет этнографы Н.И. Гаген-Торн дәстүрлі киімді «адамның төлқұжаты» деп санайды (Ermilova, 2020: 2).

Киімнің мәдени және тарихи мұра ретіндегі рөліне арналған зерттеулер соңғы жиырма жылда маңызды орын алады. Бұл кезеңдегі зерттеулерде дәстүрлі киімнің мәдени сәйкестікті сақтаудағы және дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жеткізудегі рөлі талқыланады. Сондай-ақ, осы зерттеулерде жаһандану жағдайында дәстүрлі киімнің жойылып кету қаупі туралы мәселе көтеріледі.

Соңғы жылдары әлемнің әртүрлі аймақтарында дәстүрлі киімдерді қайта жаңғыртуға деген қызығушылықтар артып отыр. Бұл жаһандану мен мәдени интеграция үдерістерімен және халықтардың өз мәдени сәйкестігін қалпына келтіруге деген ұмтылысымен байланысты. Мысалы, Үндістан, Африка немесе Американың жергілікті халықтарының киімі туралы зерттеулерде дәстүрлі киімдер мәдени ассимиляцияға қарсы күрестің және ұлттық мақтаныштың символына айналғаны атап өтіледі. Дәстүрлі киімдер бүгінгі күні мәдениеттің, тарихтың және қоғамның ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Ғылыми зерттеулер дәстүрлі киімдердің жаһандану мен тұрақты даму мәселелері аясында өзгеруін, олардың мәдени сәйкестікті сақтаудағы маңыздылығын және экологиялық тұрақтылыққа қосқан үлесін зерттейді. Жаһандану дәстүрлі киімдердің өзгеруіне әкелсе де, олар мәдени мұра ретінде сақталып, жаңғыруды жалғастыруда. Жалпы, киім жайлы мәселе қозғалғанда бірден үш әлеуметтік түсінік: мәдениет, иденттілік және мораль қатар жүреді (David Bishau, 2017: 2).

ЮНЕСКО дәстүрлі киім үлгілерін халықтық дәстүрлер мен қолөнер туралы білімді сақтап, болашаққа жеткізетін маңызды мәдени элемент ретінде таниды. Дәстүрлі киімнің мәдени мұра ретіндегі маңызы оның халықтық әдет-ғұрыптарды, символиканы, әлеуметтік статусты және уақыт факторына байланысты жойылуы мүмкін тәжірибелерді сақтап, жеткізу қабілетінде.

Жоғарыда аталған авторлардың еңбектерінде дәстүрлі киім, көбінесе, мәдени және ұлттық сәйкестіктің көрсеткіші ретінде қарастырылып, киім тұлғаның әлеуметтік және этникалық шығу тегін әйгілейтін көрсеткіш ретінде қызмет атқаратынын атап өтеді. Айталық, Солтүстік Америкадағы үндістер, Австралияның байырғы халқы, Африка халықтары мен Азия елдерінде дәстүрлі киімдер тарихпен байланысын сақтайды. Африкада дәстүрлі киім халықтың салт-жоралар мен рәсімдердегі рөліне және сыртқы мәдени әсерлерге қарсыласу құралы ретінде қолданылуына ерекше назар аударылады. Жапонияда кимоно жапон мәдениетінің символы ретінде зерттеліп, мәдени сәйкестікті сақтаудың тәсілі ретінде қарастыру орныққан. Латын Америкасында дәстүрлі киім ұлттық мақтаныштың элементі және мәдени туризмнің ажырамас бөлігі ретінде зерттеледі. Этнографиялық тұрғыдан зерттеушілер дәстүрлі киім бір халықты екінші халықтан ажыратуда және жаһандану жағдайында өзін-өзі айқындаудың құралына айналатынына баса назар аударады.

Дәстүрлі киімді белгілі бір этнос үшін репрезентативті болып табылатын немесе ерекше мәдени құндылықтармен ассоциацияланатын ансамбль ретінде анықтауға болады. Ғалымдардың пайымдауынша, дәстүрлі киім ғасырлар бойы өзгермейтін болып есептелгенімен, қазіргі таңда киімде болып жатқан өзгерістерді байқау бұл түсінікке кереғар келуде. Егер қоғамда экономикалық өзгерістер және жаһандану жағдайына байланысты технологиялық прогресс болса, кей жағдайларда дәстүрлі киім де өзгеріске түседі. Сондықтан киімнің физикалық ерекшеліктері дәстүрлі мәдениет пен әлеуметтік иденттілігін, сондай-ақ гендерлік рөлін сақтай отырып, өндіріске байланысты жаңа түрге ауысуы мүмкін (Ermilova, 2020: 5). Бұл тұрғыда зерттеушілер Дж. Эйхер мен Б. Самберг дәстүрлі киімді «этникалық киім» түсінігімен ұштастырады (Eicher & Sumberg, 1995: 296). Себебі ол адамдардың ортақ шығу тегі мен мәдени мұрасын көрсететін этнобірдейлестіруші элемент ретінде қолданылады.

Сонымен, аталмыш функционалдық тұрғыдан ерекшеленетін сипаттардың өзара себеп-салдарлық байланысты жүйесі дәстүрлі киімнің этникалық мәнді өзіндік бітімін айғақтайды. Ал осы өзіндік қасиеттер мен белгілер дәстүрлі киімді этностың өзіндік айқындау жүйесінің қалыпты қызметінің қажетті және маңызды факторларының біріне айналдырады. Демек, дәстүрлі киім жоғарыда аталған әртүрлі қызметтер-

дің бірыңғай көрінісі іспеттес этнокіріктіруші және этножіктеуші өзара себеп-салдарлық байланыстағы қызметтер атқаратындығын аңғаруға болады.

Жоғарыда қарастырылған анықтамалар мен түсініктерге сүйене отырып, дәстүрлі киімді өткеннің өзгеріссіз сақталған элементі деп қарастыруға болмайды. Ол өзгермелі құбылыс. Дәстүрлі киім динамикалық мәдениеттің бір бөлігі болғандықтан, сол мәдениеттегі өзгерістерге бейімделіп, эволюциялық процесстерді бастан кешіре отырып, модернизацияланып, трансформацияға ұшырайды. Сондықтан дәстүрлі киімнің мағынасы мен қолданылуы уақыт өте келе өзгеріп, мәдениет туралы жаңа идеялардың қайта құрылуына немесе қайта қалыптасу үдерісіне ұшырайды. Осылайша, бұл зерттеу ғалымдардың дәстүрлі киім уақытқа, этникалық қауымдастықтың құндылықтарына және жаңа мәдени формаларға байланысты өзгеріп отырады деген көзқарасын қолдайды. Осыған байланысты дәстүрлі киім мәдени трансформация үдерісінен өтіп, белгілі бір мәдениет пен қауымдастықтың құндылықтарына сәйкес шынайылықты сақтай отырып, стильдік өзгерістерге ұшырап отырады.

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген пікірлер мен тұжырымдарды саралай келіп, мен өз зерттеулерімде стратегиялық тұрғыдан «дәстүрлі киім» түсінігін қолдана отырып, зерттеушілер Дж. Эйхер мен Б. Самбергтің пікірін қолдаймын. Себебі «дәстүрлі киім» / «этникалық киім» адамдардың ортақ шығу тегі мен мәдени мұрасын көрсететін этнобірдейлестіруші элемент ретінде қолданылады. Сонымен қатар, аталмыш мақала авторы дәстүрлі киім уақыт факторына және құндылықтар жүйесі мен мәдениеттің жаңа формасының пайда болуына байланысты өзгеріске түсіп отыратындығы туралы ой-тұжырымдарды қолдайды. Шынтуайтында, киім – бұл әлеуметтік және мәдени белгі, ол уақыт өтуіне байланысты өзгеріске ұшырап отырады және сол арқылы қоғамдағы өзгерістерді көрсетеді. Сонымен заттар маскировка немесе ерекшелену функцияларын атқара отырып адамдарға өз тұлғасын көрсетуге және сән үдерістеріне сай болуға көмектеседі.

Мақаланы жазу барысында қарастырылған зерттеушілердің еңбектерінде «киім» мен «костюм» арасындағы айырмашылықты олардың функциялары мен мағыналары тұрғысынан қарау орныққан. Киім кең ұғым, ол адам денесін қорғау мен жайлылық үшін қажет, ал костюм

әлеуметтік рөл, эстетика, статуспен тығыз байланысты екендігіне ерекше назар аударады.

Тақырып аясында қарастырылған зерттеулерді сараптай келе қазіргі таңда дәстүрлі киімді көбінесе сән саласы тұрғысынан қарастыру белен алып, оны мәдениеттің «тірі бөлігі» ретінде қарастыру жағы кенжелеп қалғанын байқауға болады. Осы тұрғыдан алғанда дәстүрлі киімді жаңғырту, оны мәдени мұра ретінде қарастыру

және көздің қарашығындай сақтау қажеттілігі болашақ зерттеулердің нысаны болары сөзсіз. Себебі, дәстүрлі киімді зерттеу қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесімен тығыз байланысты. Киім адамның өзіндік ерекшелігін айқындай отырып, оның әлеуметтік мәртебесін, тарихи дамуын және мәдени қатыстылығын білдіретін маңызды құрал болып табылады.

Әдебиеттер

- Barnard, M. (2002). *Fashion as communication* (2nd ed., 224 pp.). Routledge.
- Bishau, D., & Kaseke, K. (2017). What is in a dress? A historiographical exploration of the relationship between clothing, morality and cultural identity in Zimbabwe. *Online International Journal of Open and Distance Learning*, 1(3), 2–10.
- Disele, P. L. P., Tyler, D., & Power, J. (2011). Conserving and sustaining culture through traditional dress. *Journal of Social Development in Africa*, 26(1), 4–13.
- Eicher, J. B., & Evenson, S. L. (2014). *The visible self: Global perspectives on dress, culture, and society* (4th ed., 424 pp.). Bloomsbury Academic.
- Eicher, J. B., & Sumberg, B. (1995). World fashion, ethnic, and national dress. In J. B. Eicher (Ed.), *Dress and ethnicity* (pp. 295–306). Oxford University Press.
- Ermilova, D. Y. (2020). Costume as a form of visualization of ethnicity: From tradition to modernity. *Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities*, 12(6), 2–5.
- Foucault, M. (1977). *Discipline and punish: The birth of the prison* (333 pp.). Vintage Books.
- Gilligan, I. (2019). Book review: *Being prepared: Aspects of dress and dressing*. *Fashion Theory*, 23(1), 131–135.
- Gilligan, I. (2023). Dress or cover? The origin and meaning of clothing. *Social Sciences & Humanities Open*, 8(1).
- Goffman, E. (1959). *The presentation of self in everyday life* (259 pp.). Anchor Books.
- Hammond, C. (2005). *Dressing with dignity* (2nd ed., 152 pp.). TAN Books.
- Hansen, K. T. (2004). The world in dress: Anthropological perspectives on clothing, fashion, and culture. *Annual Review of Anthropology*, 33, 369–392.
- Hollander, A. (1993). *Seeing through clothes: Style and society* (504 pp.). University of California Press.
- Hester, N., & Hehman, E. (2023). Dress is a fundamental component of person perception. *Personality and Social Psychology Review*, 27(4), 414–433.
- Ni, Y. (2012). *Traditional Chinese dress and its cultural significance*. Beijing University Press.
- Oxford English Dictionary. (2011). Oxford University Press.
- Park, H. (2015). The role of Hanbok in Korean cultural identity. *Seoul Cultural Studies*, 202–210.
- Tanaka, K. (2017). *Kimono and Japanese social hierarchy: A historical perspective*. Tokyo University Press.
- Twigg, J. (2007). Clothing, age and the body: A critical review. *Ageing & Society*, 27(2), 285–305.
- Энтуисл, Д. (2019). *Модное тело* (Е. Демидова, Пер.). Новое литературное обозрение. 392 с.
- Холландер, Э. (2018). *Пол и костюм. Эволюция современной одежды*. Новое литературное обозрение. 176 с.

References

- Barnard, M. (2002). *Fashion as communication* (2nd ed.). Routledge.
- Bishau, D., & Kaseke, K. (2017). What is in a dress? A historiographical exploration of the relationship between clothing, morality and cultural identity in Zimbabwe. *Online International Journal of Open and Distance Learning*, 1(3), 2–10.
- Disele, P. L. P., Tyler, D., & Power, J. (2011). Conserving and sustaining culture through traditional dress. *Journal of Social Development in Africa*, 26(1), 4–13.
- Eicher, J. B., & Evenson, S. L. (2014). *The visible self: Global perspectives on dress, culture, and society*. Bloomsbury Academic.
- Eicher, J., & Sumberg, B. (1995). World fashion, ethnic, and national dress. In J. B. Eicher (Ed.), *Dress and ethnicity* (pp. 295–306). Oxford University Press.
- Ermilova, D. Y. (2020). Costume as a form of visualization of ethnicity: From tradition to modernity. *Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities*, 12(6), 2–5.
- Foucault, M. (1977). *Discipline and punish*. Gallimard.
- Gilligan, I. (2019). Book review: *Being prepared: Aspects of dress and dressing*. *Fashion Theory*, 23(1), 131–135.
- Gilligan, I. (2023). Dress or cover? The origin and meaning of clothing. *Social Sciences & Humanities Open*, 8(1).
- Goffman, E. (1959). *The presentation of self in everyday life*. University of Chicago Press.
- Hammond, C. (2005). *Dressing with dignity*. Tan Books.

- Hansen, K. T. (2004). The world in dress: Anthropological perspectives on clothing, fashion, and culture. *Annual Review of Anthropology*, 33, 369-392.
- Hollander, A. (1978). Seeing through clothes: Style and society. Alfred A. Knopf.
- Hester, N., & Hehman, E. (2023). Dress is a fundamental component of person perception. *Personality and Social Psychology Review*, 27(4), 414-433.
- Ni, Y. (2012). Traditional Chinese dress and its cultural significance. Beijing University Press.
- Oxford English Dictionary. (2011). Oxford University Press.
- Park, H. (2015). The role of Hanbok in Korean cultural identity. *Seoul Cultural Studies*, 202-210.
- Tanaka, K. (2017). Kimono and Japanese social hierarchy: A historical perspective. Tokyo University Press.
- Twigg, J. (2007). Clothing, age and the body: A critical review. *Ageing & Society*, 27(2), 285-305.
- Entwistle, D. (2019). *Modnoe telo* (E. Demidova, Trans.). *Novoe literaturnoe obozrenie*. 392 p.
- Hollander, E. (2018). *Pol i kostium. Evolutsiia sovremennoi odezhdy* / *Novoe literaturnoe obozrenie*. 176 p.

Информация об авторах:

Қалшабаева Бибизия Кенжебекковна – доктор исторических наук, профессор кафедры археологии, этнологии и музеелогии Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: kalshabaeva_b@mail.ru)

Ашимова Умит Алиякпаровна – докторант кафедры археологии, этнологии и музеелогии Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: umit_aliyakparovna@mail.ru)

Information about the authors:

Kalshabaeva Bibiziya Kenzhebekovna – Doctor of Historical Sciences, Professor of the Department of Archaeology, Ethnology and Museology of the Kazakh National University named after Al-Farabi (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kalshabaeva_b@mail.ru)

Ashimova Umit Aliyakparovna – Doctoral student of the Department of Archaeology, Ethnology and Museology of the Kazakh National University named after Al-Farabi (Almaty, Kazakhstan, e-mail: umit_aliyakparovna@mail.ru)

Авторлар туралы мәлімет:

Қалшабаева Бибизия Кенжебекқызы – тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археология, этнология және музейтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: kalshabaeva_b@mail.ru).

Ашимова Үміт Әлияқпарқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археология, этнология және музейтану кафедрасының докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: umit_aliyakparovna@mail.ru)

Поступило: 18.02.2025

Принято: 05.06.2025